

## 2011 жылғы мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санының 3 пайыздық көлемінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының әкімдігінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № А-11/377 қаулысы. Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 10 қаңтарда № 1-10-130 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 1106 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 30.10.2014 № 1106 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5-2 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31-бабының 1-тармақшасына сәйкес, Еңбекшілдер ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. 2011 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан 3 пайыздық көлемінде жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің «2010 жылға мүгедектер үшін жұмыс орындарының жалпы санынан 3 пайыздық көлемінде жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» 2010 жылғы 13 қаңтардағы № А-1/2 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-10-109 тіркелген, 2010 жылғы 19 ақпанда аудандық «Жаңа дәуір» газетінде және 2010 жылғы 20 ақпанда аудандық «Сельская новь» газетінде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ш.Шаяхметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және аудандық «Жаңа дәуір» - «Сельская новь» газетінде ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Еңбекшілдер ауданының әкімі*

*Т.Хамитов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК